«Сам жалпы білім беретін мектеп» КММ-де Қамқоршылық кеңесінің отырысының 2023-2024 оқу жылының жұмыс жоспарына сәйкес желтоқсан айында кеңес отырысы өтті. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру жөнінде кеңес мүшелері өздерінің ұсыныстарын білдірді. Аудандық және облыстық жаңа жылдық шараларға әлеуметтік педагог А.Шадманова ұсынған оқушылардың жағдайларымен танысып, қолдауларын білдіріп қарсылық пікірлерін айтқан жоқ.



«Сам жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің ІІІ тоқсанының әлеуметтік әлсіз топтағы балалардың іс шараларға қатысқан жұмыстары, қаңтар айында болған «Досbол like» достық қолын ұсын науқанына, аз қамтылған отбасынан шыққан балалардың барлығы қатысты. Ақпан айында «Зиянды әдеттен аулақ бол» тақырыбында 9 сыныптарға дөңгелек үстеге әлеуметтік аз қамтылған отбасынынан шыққан 4 оқушы қатыстырылды. Ақпан айында үстел теннисінен ұлттық лига жарысына аз қамтылған отбасынан 4 оқушы, толық емес отбасынан 2 оқушы қатысып, облыстық кезеңге жолдама алды. Жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиданың аудандық кезеңі өтті аз қамтылаған отбасыдан шыққан 1 оқушы және толық емес отбасынан шыққан 1 оқушы қатысты. Облысқа жолдама алды. Ақтау қаласында өткен «KASPI JUDO LEAGUE» турнирінде мектебіміздің көптаген оқушылар қатысты оның ішінде аз қамтылған және көп балалы отбасынан шыққан 3 оқушы қатысып, жүлделі орындар алды. Ақпан айында өткен тарих апталығына да көп балалы және аз қамтылған отбасынан шыққан 33 оқушы қатысты. Наурыз айында «Алғыс айту» күніне әлеуметтік әлсіз отбасынан шыққан 9 оқушы видео құттықтау жолдады. «8 наурыз- Халықаралық әйелдер күні» мерекесіне орай мектеп парламентінің ұйымдастырумен мерекелік кеш өтті. Бұл кешке толық емес отбасынан шыққан 6 оқушы қатысты. Алдағы уақытта әлеуметтік әлсіз топтағы балалармен жұмыс, өз жалғасын табады.

«Сам жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тәлімгері Анебаева Иринаның жұмыс жоспарына сәйкес жасалған шаралары

Жыл сайын мектебімізде аяз түспестен бұрын, күзгі табиғат сұлулығына тамсанатын, сүйсінетін, сұлулығын жырлайтын уақытта алтын күз мерекесі аталып өтіледі. Дәстүрлі «Алтын күз» мектебіміздегі оқушылардың да жақсы көретін, асыға күтетін мерекелерінің бірі.

8-10 сыныптар арасында өткен мереке жоғары деңгейде өтіп, оқушылардың жақсы дайындық жасағандары көрініп тұрды.

«Алтын күз» сайысының бағдарламасы мынадай кезеңдермен өтті:

1. «Таныстыру»

2. «Күзгі вальс»

3. «Өнерің өзге жүзсін» өз өнері

4. «Сән үлгісі» күзге қатысты

5. «Үй жұмысы» (күзге арналған жеміс-жидектерден кез келген бұйым жасау)

Сайысымыздың әділ-қазылары болып мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сартова Алия, тәлімгер Анебаева Ирина, кітапханашы Турсынбаева Алмахан апайлар болды.

Сайысымызға барлығы 6 сынып қатысты. Олар:

8 «Б» сынып оқушылары: Ұстамбай Нұрбол мен Қостай Мадина

9 «Ә» сынып оқушылары: Ұстамбай Арсен мен Даулетбаева Арайлым

9 «Б» сынып оқушылары: Түркменбай Бекзат пен Адилбай Мадина

9 «В» сынып оқушылары: Отузбай Нұрқасым мен Балпан Жұлдыз

10 «А» сынып оқушылары: Ғайбуллаев Әділет пен Айтбаева Арайлым

10 «Ә» сынып оқушылары: Оразбай Нұрым мен Қалдыбаева Айдана

Барлық қатысушылар керемет дайындықпен келген. Қатысушылар арасында мың бұралған биші де, бұлбұл әнші де, шебер де оқушылар болды. Сайыс тартысты болды.

Жеңістер мен жеңілістен тұратын,

Өмір күрес, жеткізетін мұратын.

Жеңбедім, жеңілдім деп ренжімегін,

Қатысу да бір жеңіс, жан болсаң сен ұғатын, – демекші әділ-қазыларымыз жеңіске жеткен оқушыларымызды марапаттады.

«Бас жүлде» – 9 «Б» сынып оқушылары: Түркменбай Бекзат пен Адилбай Мадина;

I орын – 10 «Ә» сынып оқушылары: Оразбай Нұрым мен Қалдыбаева Айдана;

II орын – 10 «А» сынып оқушылары: Ғайбуллаев Әділет пен Айтбаева Арайлым;

III орын – 9 «Ә» сынып оқушылары: Ұстамбай Арсен мен Даулетбаева Арайлым;

«Ең әдемі жұп» номинациясын 8 «Б» сынып оқушылары: Ұстамбай Нұрбол мен Қостай Мадина жеңген болса,

«Ең әсерлі күзгі вальс» номинациясымен 9 «В» сынып оқушылары: Отузбай Нұрқасым мен Балпан Жұлдыз оқушылары марапатталды. Осылайша сайысымыз өз мәресіне жетті.











Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні қарсаңында мектебімізде оқушылардың Республикалық Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиын өтті.

Мақсаты: оқушыларға еңсесі биік егемен еліміздің айбынды да азат ұрпақтары екендігін терең ұғындыру. Патриоттық, отансүйгіштік сезімін дамыта отырып, ел бейбітшілігін сақтау жолында үлес қосуға баулу.

Салтанатты жиынға мектеп директоры А.Айткулов , мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Сартова , «Мектеп парламенті» мүшелері қатысты.

Жиынға мектебіміздің озат, үлгілі шәкірті ретінде 2-сыныптар арасынан «Жас қыран» ұйымына 45 оқушы, 5- сыныптар арасынан «Жас ұлан» ұйымына 49 оқушы қабылданды. Мерекелік шараны мек¬теп директоры А.Айткулов ашып, оқушыларды құттықтап өтті. Оқушылар ант қабылдап, оларға мектеп директоры мен мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп әкімшілігі, «Мектеп парламенті» мүшелері галстук пен төсбелгі тақты. Жиын соңында «Жас Ұлан» ұйымының белсенділері флешмоб билеп аяқтады.

Еліміздің болашағы жарқын, Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік болсын!





9 ақпан күні «Досболlike: достық қолын ұсын» науқаны аясында «Сам жалпы білім беретін мектеп» КММ-де мұғалімдер мен оқушылар арасында «Екі жұлдыз» ән байқауы өтті.

Мақсаты: Мектеп оқушыларына эстетикалық тәрбие беруді арттыру,мұғалім мен оқушы арасында тығыз байланыс орнату.

Сайысқа:

Орыс тілі пәні мұғалімі Амангелдиева Мөлдір оқушысы Адилбаева Мадинамен,

Қазақ тілі пәні мұғалімі Телмағанбетова Айжамал оқушысы Ілескен Әсемаймен,

Ағылшын пәні мұғалімі Реймова Мөлдір оқушысы Дүйсен Жұмабергенмен,

Қазақ тілі пәні мұғалімі Төтенова Ару оқушысы Қостай Бейбітпен,

Ағылшын пәні мұғалімі Сахиева Алия оқушысы Оңаева Ақгүлмен,

Бастауыш сынып мұғалімі Айдынбаева Бағдат оқушысы Шалғамбай Мөлдірмен өнер көрсетті.

Сайыс екі бөлімнен тұрды:

⭐ «Сағындырған әндер-ай» караокемен;

⭐ Еркін тақырыпта әндер орындау.

Сайысқа қатысқан барлық жұптар марапатталды. Жеңістеріңіз құтты болсын!!!





«1 наурыз — Алғыс айту» күніне орай тәлімгер Анебаева Иринаның ұйымдастыруымен мектеп парламенті «Рақмет саған, мектебім» атты мерекелік кеш өткізді. Кеште оқушылар өз өнерлерін көрсетіп, барша жанға алғыстарын білдірді.

Жаратқанға мың алғыс, әр таңға аман жеткізген! Ата-әжеме мың алғыс, көңілге нұр сепкізген! Ата-анама мың алғыс, осы күнге жеткізген! Бауырларға мың алғыс, қолдауы көп, шексізден! Дос-жаранға мың алғыс, қуанышты еткізген!

Ұстаздар мың алғыс, білім нәрін берген!



«8 наурыз — Халықаралық әйелдер күні» мерекесіне орай мектеп парламентінің ұйымдастыруымен өткен мерекелік кеш!!! Кеш барысында мұғалімдер арасында ойын ойнатып, ән айтып, әдемі көңіл күй сыйлады!!!

